

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық
офтальмология ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Комплаенс қызметінің 2025 жылғы 2-тоқсан (6 айлық есебі)

Есебі

2025 жылдың 2-тоқсаны ішінде комплаенс-офицермен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын Кәсіпорын мен оның қызметкерлері тарапынан сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді. «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - Кәсіпорын) директордың м.а. Д.Г. Ескалиевтың 18 наурыз 2025 жылғы № 65/1 бұйрығымен бекітілген офтальмология ауруханасының 2025 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» № 4 ҮББ жүзеге асырылуы Жоспарына сәйкес іс-шаралар орындалып жатыр.

2025 жылғы 09 сәуірде аурухананың директордың м.а. Д.Г. Ескалиевтың № 75 н/к бұйрығына сәйкес жұмыс тобымен, аурухана бойынша ағымдағы жылдың 17 сәуірден бастап 26 мамырды қоса алағанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) жұмыстары жүргізілді.

СЖТІТ нәтижелері бойынша берілген ұсынымдардың орындалуына талдау (мониторинг) жүргізілді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша Іс-шаралар жоспары бекітілді.

СЖТІТ кезіндегі және одан кейінгі анықталған бұзушылықтар мен оны жою туралы іс шаралардың орындалуы:

28 қаңтар 2025ж. Аурухананың қазандық операторлары кесте бойынша 24 сағат жұмыс жағдайындағы еңбек етуі талқыланды, Еңбек Кодексі нормаларына сәйкес 12 сағаттық жұмыс кестесі белгіленді.

Комплаенс қызметімен анықталған бұзушылықтар:

2025ж. 21 ақпандағы комплаенс офицердің қызметтік хаты бойынша бір мейіргердің маман сертификатының мерзімі жарамсыз екеніне қарамай бала күтімі демалысынан жұмысқа шыққаны анықталып, ҚР еңбек Кодексінің 48 бабына сәйкес, басшының 24 ақпан 2025ж № 16 ж/к бұйрығы бойынша жұмыстан шеттетіліп, маман сертификатын алғаннан кейін қайта жұмысқа қосылды.

2025ж. 13 наурыз айындағы комплаенс офицердің қызметтік хаты бойынша мемлекеттік рәміздерді орналастырудағы бұзушылық анықталды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 Қаулысы түсіндірілді, ескерту жасалды.

2025ж. 23 сәуір айындағы комплаенс офицердің қызметтік хаты бойынша мемлекеттік сатып алу маманына өз жұмысына ұқыпты қарамай, міндеттерін тиесінше орындамағаны үшін, ҚР 23 Еңбек Кодексінің 64-бабына сәйкес,

басшының 29 сәуір 2025ж 35 ж/қ бұйрығы бойынша тәртіптік жаза қолданылды.

Сонымен қатар, жұмыс уақытын есепке алуды (табель) жүргізудің нысаны мен тәртібі ішкі талдау кезінде талқыланып, ҚР Еңбек Кодексінің 79-бап 1- 3 тармақтарына сәйкес, басшының 12 маусымдағы № 54 ж/қ бұйрығы бойынша жұмыс беруші жұмыскердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытын есепке алуды жүргізу және жұмыс уақытын есепке алуды жүргізудің нысаны мен тәртібі айқындалды.

СЖТІТ аяқталғаннан кейін комплаенс қызметімен анықталған бұзушылықтар:

2025ж. 25 маусым айында аурухананың санитарлық көлік жүргізушісі, көлік құралдарымен қозғалыстың белгіленген жылдамдығын шамадан арттырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны анықталды. Аталған құқық бұзушылық 2025ж. 4 наурызда жасалған, айыппұл аурухана есебінен төленді. 2025ж. 30 маусымда 9 830 теңге айыппұл жалақысынан ұсталынып бюджет есебіне қайтарылды.

Сонымен қатар, екі санаты жоқ мейіргерге жыл басынан бері санат ақысы төленіп келгені анықталды. 30 маусымда 14 325 теңге және 9 309 теңге артық төленген санат ақысы жалақыларынан ұсталынып бюджет есебіне қайтарылды.

Комплаенс офицер



Салиманова Б.Г.